



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№12 (1838)
23 сәуір
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Индонезия университеттерімен ынтымақтастық артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев Индонезияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Мохаммад Фаджрус Рахман бастаған делегациямен кездесу өткізді. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.



Жансейіт Түймебаев Индонезиядан келген меймандарды қарсы алып, оқу орнының тарихы мен жетістіктеріне тоқталды. Сонымен қатар Фаджрус Рахманға шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізудегі университет тәжірибесімен бөлісті.

«ҚазҰУ-да шетелдік оқытушы-профессорлар дәрістер өткізуде. Сондай-ақ шет-

елден келген студенттер біздің университетте білім алып жатыр. Солардың қатарында индонезиялық жастар да бар. Дегенмен осы нәтижемен тоқтап қалмай, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс атқаруымыз қажет», – деді ЖОО басшысы.

Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев Ин-

донезияның жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамытуға дайын екенін жеткізді. Университет басшысы жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдауға ниетті екенін атап өтті.

Өз кезегінде Мохаммад Фаджрус кездесуге мүмкіндік

бергені үшін білім ордасының ректорына ризашылығын білдірді. Ол Индонезия университеттері мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерін салатынын айтты.

Кездесу соңында тараптар ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет қайраткері, генерал-лейтенант, төтенше және өкілетті елші Нұрлан Ермекбаев «Қазақстанның әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Көшбасшылық дәріс тақырыбы – әскери қауіпсіздік



Кездесуді ашқан ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қадірменді қонақты таныстыра келе, студент жастар арасында отансүйгіштікті, Қазақстан саясаты мен оның қауіпсіздігін насихаттаудың маңызын ерекше атап өтті.

Нұрлан Ермекбаев еңбек жолын 1984 жылы Анголаға қызметтік іссапардан бастады. КСРО Қорғаныс министрлігінің Әскери Қызыл Ту институтын «Офицер» мамандығы бойынша қытай және ағылшын тілдерін жетік меңгере отырып үздік тамамдаған. Оған қоса, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «Инженер-экономист» мамандығы бойынша бітірген. Әр жылдары аса жауапты мемлекеттік қызметтерде болды. Төтенше және өкілетті елші дипломатиялық дәрежесі бар. 2018-2021 жылдар аралығында ҚР Қорғаныс министрі қызметін абыроймен атқарды. Сонымен қатар спикер саяси ғылымдар кандидаты, бірнеше ондаған мақаланың авторы, «Қазақстан және әлем елдері» кітабының қосалқы авторы, жуырда экранға шығатын «Патриоттар уақыты» фильмі идеясының авторы.

Мәртебелі мейман өз кезегінде университет ұжымы мен студенттеріне қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, өз білімі және тәжірибесімен бөлісуге әзір екенін жеткізді.

Жалғасы 2-бетте

Мажарстан ЖОО-ларымен серіктестік жалғасады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев Мажарстанның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Отто Иван Ронмен және Алматыдағы бас консул Ференц Блауманмен кездесу өткізді. Тараптар ҚазҰУ-дың Мажарстан жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.



Жүздесу барысында университет ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті меймандарға бірқатар нақты ұсынысын білдірді. «Біз Мажарстанның жоғары оқу орындарымен серіктестікті дамытуға дайынбыз. Жемісті ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Осы тұрғыда Мажарстан ЖОО-ларымен

бірлесіп білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет. Сондай-ақ ғылым мен инновацияны дамыту бойынша ортақ ғылыми зерттеулер жүргізуді, көрмелер мен конференциялар және басқа да мәдени іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынамыз», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде елші Отто Иван Рон Жансейіт Қансейітұлы ұсынған бастама-

ларды қолдап, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін білдірді. «Бізге бірлесіп ғылыми-зерттеу орталықтарын құру қажет. Бұл өз кезегінде ортақ ғылыми жобаларды тиімді жүзеге

асыруға мүмкіндік береді деп санаймын», – деді Отто Иван Рон.

Кездесу соңында тараптар естелік сыйлықтар алмасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Амандық БАТАЛОВ:

ҚазҰУ
қалашығының даму
жоспары ұнады

3



Дэн ДЭВИДСОН:

Важно уметь
увидеть «большую
картину»

4



Ли Бёнг ДЖО:

Кореяда жиған
тәжірибеммен
бөліскім келді

6

Көшбасшылық дәріс тақырыбы – әскери қауіпсіздік



Соңы. Басы 1-бетте

«Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтің мақсаты – Қазақстан Республикасына төніп тұрған әскери қауіптерге тосқауыл қою үшін мемлекеттің әскери әлеуетін арттыру. Ел басшылығы қолдауының арқасында қарулы күштерді дамыту, қоғамдағы әскери қызмет мәртебесі мен беделін арттырудың барлық бағыттары бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Бұл әскердің жауынгерлік даярлығы мен техникалық жақсартуының сапасын айтарлықтай жақсартуға, әскери қызметкерлерге әлеуметтік қолдауға кепілдік беруге, тұрғын үй мәселелерін жүйелі ше-

шуге, халықаралық және әскери ынтымақтастық аясында армияның беделін айтарлықтай көтеруге мүмкіндік берді», – деп атап өтті дәріскер.

Көшбасшылық дәріс аясында әскери қауіпсіздік пен әскери қауіп-қатерлерге әсер ететін негізгі факторлар, сондай-ақ бүгінгі Қазақстан Республикасы қарулы күштері алдында тұрған басым міндеттер жайында әңгіме өрбіді.

Шара соңында студенттер өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алды.

Генерал-лейтенант Нұрлан Ермекбаевтың көшбасшылық дәрісін газетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров арнайы келді. Сапар аясында ортасайлауком төрағасы университеттің тыныс-тіршілігімен танысты.

«Университетке ұзақ жылдардан бері күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгендіктен, көптеген ғимарат-

Қара шаңырақ тынысымен танысты

Мәртебелі қонақ алдымен ҚазҰУ Жағдаяттық басқару орталығында болып, қалашықтағы жағдайды уақтылы реттеп отыратын орталық қызметіне қанықты.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ағымдағы оқу жылы жүргізілген құрылыс жұмыстарына кеңінен тоқталды. Қадірменді қонақ күрделі жөндеуден өткен соңғы үлгідегі оқу ғимараттары мен жаңарған аудиторияларды аралады.



тардың тозығы жеткен. Сол олқылықтың орнын толтырып, университет аумағында үлкен жұмыстар атқарылды», – деді ЖОО басшысы.

Бұдан кейін төраға заманауи стандарттарға сәйкес жабдықталған Al-Farabi Business school оқу кабинеттерін аралап, студент жастармен пікір алмасты.

Сондай-ақ кездесуде оқу орнының басшысы университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы уақытта салынатын нысандардың құрылыс жоспары туралы ақпарат берді.

Қазақстан дипломатиясына - 30 жыл

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Егемен Қазақстанның сыртқы саясаты мен дипломатиясына – 30 жыл: жетістіктері, сын-қатерлер мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ауқымды шара Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі бағыттарын ғылыми тұрғыдан талдау және талқылауға, еліміздің халықаралық қатынастардағы қазіргі перспективаларын, оның қауіпсіздік жүйесі, интеграциялық құрылымдар, экономикалық және өркениеттік процестердегі орны мен рөлін айқындауға бағытталған. Оған танымал сарапшылар, сыртқы саясат құрылымдары мен ҚР аккредиттелген дипломатиялық миссия өкілдері, ғалымдар және студент жастар қатысуда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев жиылғандарға арнайы бейнеқұттықтау жолдады. «Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан көпвекторлы қағидат, прагматизм және ұлттық мүдделерге негізделген сыртқы саясаттың тиімді моделін құруға қол жеткізді. Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің 186 елімен диплома-

тиялық қарым-қатынас орнатқан. Негізгі шетелдік серіктестермен ынтымақтастық артуда. Орталық Азия елдерімен диалог жаңдана түсті. Халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне жіті назар аударылуда. Баршаңызды Қазақстан дипломатиясының мерейтойымен құттықтаймын және жемісті жұмыс тілеймін!» – деді университет басшысы.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігі басшысының орынбасары Руслан Қарабулов өз сөзінде ҚазҰУ басшылығына тұрақты ынтымақтастығы және сыртқы саясат ведомствосы үшін кадрлар даярлауға алыма-матердің қосқан ерекше үлесі үшін алғысын жеткізді.

«Қазақстан – инвестиция тарту, экономика көлемі бойынша Орталық Азия өңірінің абсолютті көшбасшысы, – деп атап өтті



спикер. – Біздің еліміз еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістердің локомотиві болып табылады, көптеген халықаралық ұйымдарға төрағалық етті, 2010 жылы ЕҚЫҰ саммитін қабылдады, БҰҰ Бас Ассамблеясының Ядролық қарудан азат әлем құру

туралы жалпыға ортақ декларацияны қабылдауына бастамашылық етті. Бүгінде Қазақстанды халықаралық қоғамдастық дипломатиялық қызмет ардагерлері күш-жігерінің арқасында көбінесе болжанатын және сенімді серіктес ретінде қабылдайды».

Жиында сөз алған БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори жарқын болашақ құратын жастарды қалыптастыру БҰҰ миссиясының негізі екенін еске салды. Осы орайда, ҚазҰУ-да атқарылған жұмыстарды жоғары бағалап, «БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша жаһандық хабы ретінде сіздер студенттерге өз мақсатына жетуде үлкен көмек жасаудасыздар. Бұл Қазақстанның және өңірдің одан әрі дамуына ықпал етеді», – деп атап өтті.

«Бүгінгі конференция аса маңызды әрі дер кезінде ұйымдастырылып отыр, – деп сөзін жалғады сарапшы. – Жаһандық пандемия және геосаяси жағдайлар Еуропаны Екінші дүниежүзілік соғыстан бері болмаған эмигранттар дағдарысына алып келді. Қазір бүкіл әлемде логистика саласы зардап шекті, транспорт, энергия және маңызды әрі қажетті заттардың бағасы күрт көтерілді. Бүгінде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру тіптен қиын болып отыр. Бірақ біз өзімізге қажетті жарқын болашаққа ұмтылуымыз қажет және ол үшін біздің барлығымызға білім және жаңа идеялар қажет».

Сондай-ақ пленарлық отырыста Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы төтенше және өкілетті елшісі Ержан Ашықбаев, Еуропалық одақтың Қазақстандағы елшісі Кестутис Янкаускас, Қытай Халық Республикасының Алматыдағы бас консулы Цзян Вэй, Франция Республикасының Қазақстан Республикасындағы бас консулы Алексис Шахтахтинский, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының директоры Еркін Тұқымов сөз сөйлеп, пікір бөлісті.

Конференция жұмысы секциялық отырыстарға ұласты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне дәстүрлі көшбасшылық дәрісін оқуға мемлекет қайраткері, кәсіби құрылысшы, білікті экономист, тәжірибелі саясаткер Амандық Баталов арнайы келді. Жиынды ашқан ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлы: «Өзіміздің қара шаңырақ – ҚазҰУ қалашығы құрылысында Амандық Ғаббасұлының қолтаңбасы бар. Бұл кісі қай қызметте болса да, өзін кәсіби маман, мықты ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде көрсете білген азамат», – деп баға беріп, белгілі қоғам қайраткеріне «ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын табыс етті.

Қадірменді ұстаздар, құрметті білім алушылар, алдымен мені дәріс оқуға шақырып, қошемет көрсеткендеріңіз үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Қансейітұлына, сіздерге үлкен алғысымды айтамын. Бұған дейін де талай жоғары оқу орындары шақырып, біршама аудиторияда сөз сөйлеу бақыты бұйырған-ды.

Яков Заяц атты бас инженері болды. Ол кезде ҚазҰУ ректоры Әмірбек Жолдасбеков ағамыз еді. Тау тұлғалы ағамыздың қалашыққа сіңірген еңбегі өлшеусіз. Бірді айтып, бірге кетті деменіңдер, мен қалалық атқару комитетінде қызмет етіп жүргенімде Әмірбек Арысланұлы Желтоқсан оқиғасына қатысты тергеліп, партия қатарынан шығарылды. Сол



Амандық БАТАЛОВ, мемлекет қайраткері:

ҚазҰУ қалашығының даму жоспары ұнады

Әйтсе де ҚазҰУ-дың жөні бөлек. ҚазҰУ қалашығы дегенде жүрегім елжірейді. Ерекше толқимын. Өйткені кеңес дәуірінде институтты тамандап, маман атанып, Алматыға келгенімде алғашқы еңбек жолымды құрылыстан бастап едім. Ол кезде қалада құрылыс қарқынды, қызу жүретін. Қазір «инвестициялық жобалар» деген заманауи түсінік бар ғой, кеңес тұсында «ерекше жобалар» деген болған. Бұрынғы Орталық комитет үйі («Қаңтар қасіреті» кезінде өртке оранған), Ленин сарайы (Республика сарайы), ҚР Мемлекеттік музейі – осы құрылыстардың бәрі әлгі «ерекше жобалардың» құрамына кірді. Оған облыстық партия комитеті жетекшілік етті. Бір айта кетерлігі, қазіргі Достық даңғылының бойындағы Оқушылар сарайы, Тау самалындағы «Алатау» санаторийінің құрылысы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетінің бақылауында болды. Біздің жұмысымызды Мәскеуден арнайы комиссия келіп қадағалап, бақылауда ұстады. Сондай қатал тәртіп болатын.

Сол жылдары «Алма-Атаглавстрой» деген ең үлкен құрылыс мекемесі жұмыс істеді. Мен сол мекемеде алдымен шебер, одан кейін прораб, аға прораб, учаске бастығы, бас инженер, құрылыс бастығы болдым. Бұл менің 28-29 жастағы кезім. Айтайын дегенім, ҚазҰУ қалашығы үлкен жобаның бірі-тін. Осында келе жатқанда есіме түсті, біз қалашықтың құрылысын төмен тұстағы гараждан бастағанбыз. Қазір біз отырған ғимарат ГОК-1 деп аталды. Осында құрылыстың мән-жайын талқылап, небір жиындар өткізетінбіз. Сауда, тамақтану орындарына арналған ТОЦ-1 деген ғимарат салынды, одан кейін легімен жатақханалар тұрғызылды. Несін айтасыздар, күні-түні қызу жұмыс істеді. Бұл жобаның бір ерекшелігі – біздің «Алма-Атаглавстрой» осы ҚазҰУ қалашығын салуға «СМУ-Университетстрой» деген арнайы құрылыс бөлімшесін ашты. Жобаның ірілігін, жауапкершілігін, бөлінген қаржының мол екенін осыдан-ақ бағамдауға болады. Әлі есімде, құрылыс бөлімшесінің Анатолий Лян деген бастығы,

жиынға қатысқан біз, жастар жағы, ағамызға жақын жерде отырдық. Сонда ол кісі қалтасынан партбилетті алып, үстелге қояр кезде қолы қалт-қалт етіп, дірілдеп кетті... Ол кезде партиядан шығару деген қандай қасірет екенін аға буын өкілдері жақсы біледі. Мен сондайды да көрген адаммын. Мұны неге айтып отырмын?! Аумалы-төкпелі заман болған, оны бүтінгі ұрпақ білуі керек. Тәуелсіздік біреудің бізге бере салған сыйы емес. Ол бізге ата-бабаларымыздың жанкешті еңбегі, маңдай тері арқылы келді.

Университет музейін аралағанда ҚазҰУ қалашығының болашақтағы даму жоспарымен таныстым. Кәсіби құрылысшы ретінде маған ұнады. Енді сол бас жоспардың жүзеге асуына тілектеспін.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы қиындықты жастар, сіздер, көрген жоқсыздар. Өте қиын кезең еді. Өндіріс ошақтары тоқтап, халық жұмыссыз қалды. Ел ішінде тәртіпсіздік, ұрлық-қарлық – бәрі орын алды. Біз соның күәсі болдық. Мысалы, кезінде мені Ленин ауданына басшы етіп жібергенде, онда 57 зауыт-фабрика жұмыс істеп тұрған еді. Оның ішінде атақты Киров зауыты да бар. Сол зауытта 8000 адам жұмыс істейтін. Торпедоларды, содан соң КСРО-ның әскери-теңіз флотына арналған гидравликалық құрылғылар шығаратын. Соның бәріннің жұмысы тоқтап қалды. Қаладағы мақтамата, тоқыма кәсіпорындары сол Ленин ауданында орналасқан еді. Өзбекстаннан мақта келетін, одан жіп иіріп, тонна-тонна өнімді киім-кешек тігетін өндіріс орындарына жөнелтіп жататын. Соның бәріннің жұмысы кілт тоқтағанда ел-жұрттың қандай күйде қалғанын көз алдыңызға елестете беріңіз. Қазір айтсақ, өткен өмірдің бәрі жастарға ертегі сияқты. Ал біздің буын сондай қиыншылықтарды басынан өткізді. Бойдағы күш-жігер, табандылықтың арқасында одан да аман шықтық. Бұдан қандай ой туоға болады? Өте ауыр кезеңдерде де біз елімізді, жерімізді тастап ешқайда кеткеніміз жоқ. Өйткені қасиетті Жер-Анамызды, туған топырақты, атамекенімізді

сүйеміз. Өз еліміздің патриотымыз. Кезінде ата-бабаларымыз осы жерді аттың жалында, түйенің қомында жүріп қорғаған. Бізге аманат ретінде қалдырған. Жастар, сіздердің де өз Отаныңызды жақсы көретіңдеріңізді білемін. Елдің болашағы үшін аянбай еңбек етіңіздер. Көп оқыңыздар, ізденіңіздер. Сонда біздің еліміз дамиды, жетіледі.

Менің Алматы облысына басшылық еткенімді білесіздер. Негізі, бұл аймақ – аграрлы өңір. Бұрынғы Алматы мен Талдықорған облыстарының аумағы. Оңтайландыру кезінде екі облысты қосып жіберген. Мен Талдықорғанға табан тіреген жылдары жағдай анау айтқандай аса мәз емес еді. Көше, баспаналардың сиқына қараса адам кәдімгідей шошиды. Үш бөлмелі пәтерді телевизорға ауыстырып алуға болатын мүшкіл жағдай. Бірақ біз қарап отырмадық. Күні-түні дамылсыз жұмыс істедік. Соның нәтижесінде үлкен-үлкен жобалар жүзеге асты. Бір миллион гектар егістік жеріміз болды. Оның 450-470 мың гектары суармалы жерлер еді. Соның бәрін қалпына келтірдік. Кеңес кезінде болған кейбір министрліктер жойылып кетіп, соның салдарынан қиыншылықтар болмады емес, болды. Мысалы, Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі қысқарып, жай ғана комитет жұмыс істеді. Нәтижесінде суоймалар мен платиналар жекеменшікке өтіп кетті. Жекеменшіктің халықпен ісі бола ма, соның кесірінен жандүршігерлік Қызылағаш оқиғасы орын алды...

Облыс негізінен қызылша, жүгері, соя, тары және т.б. өнім егеді. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаев маған Алматының алмасын жаңғырту жөнінде арнайы тапсырма берген еді. Мен облысқа келгенде қызылша өндірісінен дым жоқ, көрсеткіш – нөл. Кезінде атағы жер жарған бес зауыттың жұмысы тоқтаған. Содан не істеу керек? Екі қызылша зауытының жұмысын жолға қою керек деген шешімге келдік. Заманауи қондырғы әкеліп, жұмысын жолға қойдық. Соның бірі – Көксу зауыты. Қуаттылығы – 250-270 мың тонна, қант өндіру көрсеткіші 10

пайызға жетті. Мерзімалық кезеңде де жұмысын тоқтатпауға әрекет жасадық. Екіншісі – Ақсу зауыты. Оның қуаттылығын 350-500 мың тоннаға жеткіздік. Бұл енді айтуға ғана оңай шаруа. Өндірісті жолға қойғанша тыным таппай жұмыс істеуге тура келді. Халықты жұмыспен қамтуға тырыстық. Жұмыс болмаса, халық қалай күн көреді?

Талдықорған аймағының кезінде жүгері өндірісімен даңқы асқанын білесіздер. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов, Социалистік Еңбек Ері Зылиха Тамшыбаева сынды еңбек ардагерлерін әрқашан мақтан тұтамыз. Панфилов ауданын атақты Н.Н.Головацкий деген азамат басқарды. Ол да екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған адам. Осындай тұлғалардың жолын жалғастыруға шамамыз келгенше атсалыстық. Бірде Белград сапарында Елбасы маған: «Жүгері егуді мына югославтардан үйреніңіздер. Кезінде бұлармен америкалықтардың өзі тәжірибе алмасқан», – деді. Енді жүгерінің жағдайын ойлап, сол жаққа тәжірибе алмасуға өзіміздің мамандарды жібердік. Артынша технологиясын әкелдік. Сөйтіп, егістік көлемін 62 мың гектардан 100 мың гектарға арттырдық. Аймақта бір ғана өңдеу зауыты әуіріммен жұмыс істеп тұрды, оның қуаттылығы да 10 мың тоннадан аспайды. Әлгі елге әкелінген технологияның арқасында зауыт қуаттылығын 150 мың тоннаға жеткіздік. Жүгерінің сатып алу бағасы тым арзан, келісі – 22-27 теңге. Ана жерде, мына жерде шашылып жатқан өнімді көрсетіп, БАҚ сынап жүрді. Тынымсыз тірлігіміздің арқасында жүгерінің келісін 70 теңгеге дейін көтердік. Бұл ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне жақсы болды. Жалақылары өсіп, көңіл күйі көтерілді. Сөйтіп, диқандар отбасының ажарын кіргіздік. Одан уақыт өте келе, газ мәселесімен айналыстық. Әу баста аймақ көгілдір отынмен 7-10 пайыз көлемінде ғана қамтамасыз етілген екен. Жамбыл, Қарасай, Ле аудандарының кейбір жерлерінде, Талғарда ішінара болды. Содан елді мекендерге газ

жүргізуді қолға алдық. Бұл аса маңызды әлеуметтік жоба еді. Ауыл тұрғындары қатты отын тұтыну тауқыметінен құтылды.

Шамам келгенше халықтың әл-ауқатын арттыруға күш салдым. Бюджет есебінен еңбек-ақы алатын қызметкерлерге арнап мыңдаған шаршы метр тұрғын үй салдық. Байқасам, құрылыс компаниялары коммерциялық жобаларға ден қойып кеткен. Баспананың шаршы метрі өте қымбат. Оған көпбалалы аналар мен мүгедектердің қолы қалай жетеді? Естеріңізде ме, қайбір жылы Нарынқолда жер сілкініп еді ғой. Ол кезде мен Алматы облысы әкімінің орынбасарымын. Күні-түні шекара маңында жүрдік. Бір күні ауруханаға, анығында перзентханаға, жолым түсті. Барсам, бір нәресте

жоқ. Перзентхана аңырап тұр. Жағдайды білмек болып ауыл ақсақалдарынан сұрасам: «Кемпір мен шал бала туа ма, жастар жағы күнкөріс қамымен қалаға, базар жағалап кеткен», – дейді. Осы жағдай да жаным ерекше батты. Тіпті мәселені Елбасыға да айтып бердім. Содан Үкіметтен жалбарынып жүріп қаржы алып, аурухана, 110 үй салдық. Үкімет мүшелері «қаржы жоқ, ертең басқа облыстар да сұрайды» деген желеу айтады, ал мен қайтпадым. Содан Елбасының қолдауымен бұл мәселе де шешімін тапты. Сөйткен Нарынқолға екі жарты мың жас қайта оралды. Бұрынғы райком, райисполком ғимараттарын мал паналайды екен. Соларды қайта қалпына келтіргенде ауыл ақсақалдарының көзінен жас шығып, маған алғыс айтты. Атақты М.Мақатаевтың туған жері ғой, шайырға ескерткіш қойдық. Бертін келе су жүйелерін ретке келтірдік. Облысты басқарған жеті жылдың ішінде ауыл-аймақтан үлкен спорт кешендерін салғыздым. Кейбіреулер «Ауылға спорт кешені не керек, спортзал болса да жетеді ғой» деген әңгімелер айтып жүрді. Мен сонда да райалымнан қайтпадым. «Ауылдың балалары басқалардан кем бе? Олар да көрсін, жаттықсын, спортпен айналыссын» дедім.

Облыс бойынша салынып жатқан 17 спорт кешенінің 14-ін тапсырып үлгердім, қалғаны да, бұйыртып, тапсырылады. Осының бәрі жастардың игілігі үшін жасалды. Ауылда қалсын, атамекенді көркейтсін, еңбек етсін деген ниет болды.

Қазір Алматы облысында «Марвин фуд» компаниясы жұмыс істеп жатыр. Біз бұл компанияның алдына жергілікті шикізатты өңдеу міндетін қойдық. Осы күні өнімнің 80 пайызы экспортқа жіберіледі, 24 түрлі өнім шығады. Осындай зауыттардың он шақтысын іске қостық.

Адам табиғатпен, топырақпен етене өмір сүреді. Мұның үлкен философиялық мәні бар. Жастар, сіздер жаңа Қазақстанда өмір сүресіздер. Менің тілегім – ел мен жердің иесіне лайық болыңыздар!

В КазНУ состоялась лидерская лекция президента Американских советов по международному образованию (ACCELS) доктора Дэна Дэвидсона. На встрече с обучающейся молодежью и профессорско-преподавательским составом Казахского национального университета имени Аль-Фараби, рассказал о реализации программы «Флагман» и поделился богатым опытом работы.

Дэн ДЭВИДСОН, президент ACCELS:

Важно уметь увидеть «большую картину»

В начале встречи Председатель Правления – Ректора КазНУ имени Аль-Фараби, представив профессора университета Брин Мар Дэна Дэвидсона аудитории, перечислил многочисленные регалии ученого, который является действительным иностранным членом Российской академии образования (РАО), Национальной академии педагогических наук Украины, почетным доктором Российской академии наук (РАН), кавалером ордена Дружбы Народов СССР (1990) и др.

Руководитель вуза подчеркнул в своей речи: «Авторитет ученого и организатора образования доктора Д. Дэвидсона высок и признан. Лично зная г-на Дэвидсона, хочу особо поблагодарить его за трепетное отношение к Казахстану и к нашему университету. У нас большие планы на будущее. В КазНУ приедут обучаться русскому и казахскому языку студенты из Америки, на стажировку – преподаватели колледжей и учителя школ США. Нужно хорошо подготовиться к их встрече, взаимодействовать, общаться и учиться новому».

Руководитель университета

торжественно вручил г-ну Дэвидсону диплом о присвоении звания почетного профессора Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

В свою очередь ученый выразил огромную благодарность ректору вуза и лично профессору Элеоноре Сулейменовой «за интеллектуальное вдохновение, многолетнее сотрудничество, созданные условия для американских студентов и поддержку всех инициатив, прекрасную слаженную работу по программе «Флагман» преподавателей филологического факультета вуза». «И, конечно, я искренне надеюсь на дальнейшее развитие наших прекрасных партнерских отношений и желаю вашему коллективу больших успехов», – подчеркнул почетный гость.

Далее доктор Дэвидсон представил вниманию участников встречи результаты работы по программе «Флагман», отметив роль мобильности школьников, студентов, ученых и идей. «Существует широкий консенсус, что знание производится и передается наиболее эффективно исследовательскими университетами, и что лучшие из них яв-

ляются не только национальными, но мировыми, – сказал спикер. – И в этом отношении показателен прекрасный пример КазНУ имени Аль-Фараби».

В подготовке нового поколения востребованных специалистов важны следующие компе-

тенции: навыки межличностного общения, в том числе ведения переговоров; стратегические перспективы или умение увидеть «большую картину», креативность и способность распознавать закономерности, находить новые альтернативы и эффективные решения проблем; глубокое понимание мировых и коренных сообществ (общин), их истории и системы ценностей, лежащих в их основе; осознанное учение и умение адаптироваться к новой среде, интегрировать знания из различных источников и продолжать обучение на протяжении всей жизни.

Иностранные студенты проходят процесс постоянной социализации в культуре принимающей страны. Они учатся взаимодействовать с людьми разных эмоциональных, когнитивных и поведенческих ориентаций на мир, сохраняя при этом свою собственную идентичность. Владение языком является основным фактором культурного и межкультурного роста учащихся: чем выше уровень владения языком, тем более тонким и всеобъемлющим является потенциал для



развития культурных навыков.

Таким образом, миссия Американских советов (АС) заключается в том, чтобы обеспечить доступ к зарубежным вузам и школам, к международному образованию. По состоянию на 2022 год программу АС окончили 95 000 выпускников из 90 стран, выдано 5 000 стипендий в год, организуются сотни конференций, издаются учебники, публикации, проводятся исследования, тесты, ярмарки и т. д. Каждый участник программы «Флагман» обучался раньше в стране изучаемого языка, усваивает не только русский, но и государственный, казахский языки. Процент учащихся, достигших профессионального уровня-3 в программе КазНУ – 93%, большинство продолжает учебу в аспирантуре или на факультетах. Многие находят возможность возвращаться в Казахстан. Программа «Флагман» опирается на экспериментальные и академические концепции: экспериментальную теорию обучения (Колба, 1984 г.) и трансформационную теорию обучения (Vygotskij, Mezirow (2000) и др.

Выступление доктора Дэвид-

сона подробно осветило работу в рамках программы «Флагман», которая в последние 1,5 года в связи с пандемией реализовывалась в дистанционном формате. В связи с этим ее участники столкнулись с определенными трудностями, связанными с погружением в языковую и культурную среду, но преодолев их, успешно завершили обучение. Таким образом, «Флагман» – хорошо разработанная программа, реализуемая на базе КазНУ, способна готовить высоко функциональных билингвов, людей, способных передавать смысл с высокой степенью точности, строить и поддерживать профессиональные отношения с местными жителями и преуспевать в качестве глобального профессионала в выбранной ими области.

В завершение встречи ректор университета Ж.Туймебаев поблагодарил доктора Дэвидсона за содержательную презентацию. Мероприятие завершилось памятной фотосессией с участием обучающейся молодежи, преподавателей и ученых вуза.

Светлана УМИРГАЛИЕВА

Лаборатория искусственного интеллекта

В факультете информационных технологий КазНУ имени Аль-Фараби функционирует лаборатория искусственного интеллекта и робототехники кафедры информатики деятельности, которой сопряжены два направления: научно-исследовательское и практическое.

В ней работают докторанты, магистранты и студенты последнего курса бакалавриата, которые имеют хорошую успеваемость и особое желание заниматься наукой. Лаборатория искусственного интеллекта – это инициативная учебно-научная лаборатория, участие в работе которой дает возможность познакомиться с одним из наиболее увлекательных и перспективных направлений компьютерных наук – искусственным интеллектом. Лаборатория осуществляет свою деятельность по проектному принципу, то есть каждый участник работает в рамках отдельного проекта, у которого есть конкретная цель и сроки. Это позволяет удачно со-



четать теоретическую и практическую составляющие и добиваться максимального прогресса в знаниях, навыках и умениях.

Руководит лабораторией доктор технических наук, профессор КазНУ им. Аль-Фараби Эдилхан Несипханович Амиргалиев и соруководителем является заместитель декана по научно-инновационной работе и международным связям, старший преподаватель Жолдас Аллади-

нович Бурибаев. Менторы лаборатории – молодые ученые, для которых занятие наукой, не только страсть, но и профессиональная деятельность. В данное время объектом исследования лаборатории является робототехнический комплекс, направленный на решения задач агросектора, с применением современных технологий распознавания и принятия решений, для реализации которой рассма-



триваются предметы компьютерного зрения, искусственного интеллекта, математическое и компьютерное моделирование, системный анализ, теория вероятностей и др.

Приоритетные аспекты деятельности лаборатории:

– Приобщение студентов к научно-исследовательской деятельности посредством вовлечения их в работу научно-исследовательских кружков, активизации участия в олимпиадах различного уровня, в конкурсах научно-исследовательских работ, апробации материалов научных исследований на конференциях, других научных мероприятиях, а также публикации результатов научных изысканий.

– Развитие научно-исследовательской деятельности молодых ученых посредством вовлечения в научную работу бакалавров, магистрантов и докторантов. Тематика научных исследований бакалавров, докторантов и магистрантов тесно связана с деятельностью научной исследовательской лаборатории.

Лаборатория оснащена современными компьютерами для обучения архитектур глубоких нейронных сетей; а также всеми необходимыми инженерными инструментами и станками с числовым программным управлением, для создания робототехнических и различных средств автоматизации. На сегодняшний день выпущено больше 5 научных статей в области машинного обучения и компьютерного зрения, которые индексируются в базе Scopus.

Ляйла ЧЕРИКБАЕВА,
и.о. доцента

Мухтар ЖАСУЗАК,
докторант 1-курса

Данияр ДАУЛЕТЯ,
магистрант 1-курса
факультет информационных технологий

Оңтүстік Корея азаматы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының корейтану бөлімінің меңгерушісі, PhD, профессор Ли Бёнг Джо өз тәжірибесімен бөлісіп, оқырманға аз-кем сыр шертті.

Ли Бёнг Джо, PhD, профессор:

Кореяда жиған тәжірибеммен бөліскім келді

– Қазақстанға келгенге дейін Оңтүстік Кореяда көптеген ғылыми-зерттеу жобаларын жүргіздім. Кореяның ғалымдары мен зерттеушілері үшін мемлекет қаржыландыратын ұзақ мерзімді (10 жыл) және қысқа мерзімді (1-2 жыл) жобалардың сан салалы түрлері (жеке және бірлескен) бар. Осылайша, жалпы, ЖОО-лардағы түрлі зерттеу топтары мемлекет қаржыландыратын жобаларды жүзеге асырып, дәрістер мен академиялық іс-шаралар өткізеді. Магистрлік және докторлық диссертациямның тақырыбы ТМД елдерінің корейлерімен (Корея; корей диаспорасы) байланысты. Атап айтқанда, орыс тілін жақсы білуімнің арқасында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей сияқты елдердегі корейлерге қатысты далалық зерттеулерде мол тәжірибе жинақтадым.

2000 жылдан бері зерттеу тобының құрамымен ТМД елдері корейлеріне және Қытайдағы корейлер қауымдарына, ішінара Жапонияға да саяхаттадым. Көптеген материалдарды (мұрағаттық құжаттар, кітаптар, мақалалар, ескі атластар, фото және бейнероликтер және т.б.) ала білдім. Бұл далалық жұмыстар маған тарих саласының маманы ретінде өте құнды зерттеулер мен үлкен тәжірибе болды. Корея проблемасын зерттеу үшін ТМД елдеріне барғанымда Орталық Азияның жетекші университеттерімен және зерттеушілерімен кездестім. Олардың ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мені қатты таңғалдырды.

2001 жылы Ресей мен Орталық Азиядағы далалық зерттеулер барысында біздің зерттеу тобымыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қысқа мерзімге келіп кеттік. Бірақ сонда мен өзім барған аталмыш университет туралы көп мағлұмат білмегенмін. ҚазҰУ-ға алғашқы сапарымда, яғни 2001 жылы университет ректораты алдында естелік суретке түстім. Әрине, бұл сапар кейін менің есімнен шығып кеткен болатын. Тек 2015 жылы Қазақстанға қайта келгенде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне бұрын аяқ басқанымды фотосуреттер бар папкамды қарап отырып еске түсірдім. Бәлкім, осыдан 20 жыл бұрын болашақта ҚазҰУ-ға жұмысқа оралатынымды сезген шығармын, – дейді Ли Бёнг Джо.

Ол 1971 жылы Оңтүстік Кореяның Пуё аймағында дүниеге келген. Пуё Үш патшалық кезеңінде (б.з.д. 57 жыл – б.з.б. 668 жыл) Пэкче династиясының астанасы болған өте терең тарихы бар аймақ. Ғалымның тарих пен шет тілдеріне ынта-ықыласы ерте жастан оянған. Содан болар, оқушы кезінде шет тілдері мен тарих пәндеріне көп көңіл бөліп, оқуды аяқтаған соң, Ханкук шет тілдері университетіне оқуға түседі. Бұл оқу ордасында ол бакалавриатта оқыған тұсында орыс тарихы мен әдебиетін жетік меңгеріп, ал магистратура және докторантурада әлемдік тарих бойынша сауат ашады.

– Қазақстанның бұрынғы аста-



насы, алманың отаны – Алматы мені қайран қалдырды. Алайда үлкен алма бақшасын өсіретін отбасында өскендіктен, бұл кездейсоқтық емес деп ойлаймын. Оңтүстік Кореядағы академиялық мансап жолымда алған барлық ілім-тәжірибеммен бөліскім келді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың академиялық беделін арттыру мақсатында 2014/15 оқу жылының екінші семестрінен бастап Қиыр Шығыс кафедрасына Ханкук шет тілдері университетінің (Сеул) профессоры ретінде шақырту алдым, – дей келе, ол өзінің оқу ордасына алғаш келгендегі азды-көпті естеліктерімен бөлісті.

Ғалым 2002 жылы Ханкук шет тілдері университетін «Әлемдік тарих» магистрі дәрежесімен, «Ресей мен ТМД елдеріндегі корейлердің тарихы» мамандығы бойынша тамамдаған. 2008 жылы аталмыш мамандықтары бойынша ғылым кандидаты дәрежесін алды. 2004 жылы Ханкук шет тілдері университетінің Тарих кафедрасында ұстаз болған. Тарих және мәдениет институтының штаттағы ғылыми қызметкері. Корейтану академиясының, Ұлттық ғылыми қордың, Оңтүстік Корея Республикасы Мәдениет, спорт және туризм министрлігінің, сондай-ақ Жапония, Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан университеттерінің жобалары бойынша ғылыми-зерттеу және оқытушылық қызметте 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар. Профессордың ғылыми зерттеулерінің ауқымы шетелдік корейлердің тарихымен байланысты. Ол осы тақырыпта 20-дан астам еңбек жариялаған (мақалалар мен монографиялар).

– 2015 жылдың 2 ақпанынан бастап Қиыр Шығыс кафедрасы корейтану бөлімінің меңгерушісі лауазымына қабылдандым. Осы кезеңде бөлім меңгерушісі болумен қатар, Оңтүстік Корея Республикасының білім, ғылым және бизнес ұйымдарымен байланыс орнаттым. Сондай-ақ тақырып бойынша ғылыми зерттеулердің түрлі жобалары жүргізілді. Мәселен, «Қазақстандағы корей әдебиеті бойынша оқулықтар жасау (ТМД-дағы корей диаспорасының

әдебиеті) және әдебиет саласында мамандар даярлау», «Қазақстандағы корей әдебиеті бойынша оқулықтар құрастыру», «Шетелдік корейтану бойынша ғылыми жоба: көзжиекті кеңейту және шетелдік корейтану зерттеулерінің мүмкіндіктерін нығайту» және «КСРО мен Оңтүстік Корея арасындағы музыкалық өнер тәжірибесімен алмасудың ықпалын зерттеу» т.б. Осы күнге дейін өз салам бойынша көптеген мақалалар жариялады, сонымен қатар біздің кафедра жанауықтары оңтүстіккореялық БАҚ-та үнемі жарияланып отырады. Соңғы бірнеше жыл ішінде Қиыр Шығыс кафедрасында корейтанудың даму деңгейі едәуір алға жылжыды деп айта аламын, – деген Ли Бёнг Джо сегіз жыл бойы ҚазҰУ-да жұмыс істеп келе жатқанын тілге тиек етті.

– Өзімнің бар білгенімді, оқып түйгенімді бөлісуге, студенттерге үйретуге тырысып жатырмын. Кафедрамыздың көркеюі үшін жан-жақты ізденіп, әлі де тың серпінмен жұмыс атқара бермекпіз. Менің басты міндетім мен миссиям да сол – кафедрамды көркейте түсу. Неге десеңіз, мен Қазақ ұлттық университетінде жұмыс істейтінімді мақтан тұтамын.

Қазіргі таңда кафедрада 20 оқытушы қызметкер жұмыс функциясын атқарады. 161 бакалавриат студенті және 20-ға жуық магистрант пен докторанттар (корей тілі бойынша) білім алуда. Қиыр Шығыс кафедрасының корейтану бөлімі шетелдік университеттермен, атап айтқанда, Оңтүстік Корея университеттерімен тығыз қарым-қатынаста. Олар корейтану бөліміне ақшалай қолдау мен шәкіртақы жолдайды. Сонымен қатар корейтану бөлімі оқу жылы ішінде студенттердің корейтануға деген қызығушылығын арттыра отырып, әртүрлі іс-шараларды үнемі өткізіп отырады, – деген профессор университет басшылығына, ұстаздар ұжымына зор алғысын білдірді. Алдағы уақытта университеттің дамуына үлес қосатынын тілге тиек етіп, сөзін қорытындылады.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Тарихтан тәлім берген ұстаз

Университет тарихында ғұмырын ғылымға, білім беру ісіне арнаған тұлғалар жетерлік. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Сабырхан Смағұлов жоғары оқу орындарында абыроймен еңбек етіп келеді.

С.Смағұлов университетте жұмыс істеген жылдар ішінде студенттерге арналған 12 оқулық пен оқу әдістемелік құралдарын жазса, 100-ге жуық ғылыми, ғылыми көпшілік мақалаларын жарыққа шығарды. Ол көптеген халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға қатысып,



онда отандық тарихтың өзекті мәселелеріне арналған ғылыми баяндамалар жасады. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының өзгерістерге түсуіне байланысты С.Смағұлов тәжірибелі ұстаз ретінде «Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта», «Қазақстанның ұлттық экономикасының тарихы» атты таңдаулы курстарын даярлап, дәрістері мен практикалық жұмыстарын өзі жүргізіп келеді. Сондай-ақ университеттің өзге де факультеттерінде «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінен студенттерге дәріс оқиды. Ол дәрістер мен семинар сабақтарын жоғары оқу орындарының талаптарына сай, тиісті деңгейде өткізіп, ең алдымен өз студенттерінің ыстық ықыласына бөленіп, әріптестеріне де үлгі болып жүр.

Қазіргі таңда қоғамымыз өткен тарихымыздағы өзекті мәселелерге қатысты тарихшылардың ғылыми еңбектеріне, салиқалы ой-пікірлеріне, тұшымды тұжырымдарына зәру болып отыр. Осыған байланысты еліміздегі БАҚ өкілдері тарихшы маман ретінде С.Смағұловтың ой-пікірлерін басылымдарда жиі жариялап тұрады. Оның «Қазақ тарихы» журналында жарияланған «Бауыржан Момышұлының әскери-қолбасшылық өнері», «Жетісудағы Самсы көтерілісі», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Хабаршысында жарияланған «Қазақ хандығының құрылуы тұсындағы тарихи оқиғалардың ауыз әдебиетіндегі көрінісі» атты мақалалары, сондай-ақ «Ана тілі» және «Алматы ақшамы» газеттерінде жарық көрген тарихи тұлғалар мен тарихи даталарға арналған еңбектері оқырмандар көңілінен шығып отыр. Бұл мақалаларында автор жазба дерек мәліметтерімен қатар, ел аузындағы ақпараттарды үйлестіріп, тарихи болмысты шынайы көрсетеді.

Биыл білім мен ғылым интеграциясына өз үлесін қосып жүрген ұстаз әрі ғалым Сабырхан Смағұлов 70 жасқа толып отыр. Университет мүддесі үшін ғалым студенттермен аудиторияларда, жатақханаларда әртүрлі шаралар өткізіп, шәкірттеріне ұжымдық жауапкершілік секілді құндылықтарды сіңіріп келеді. С.Смағұлов өз ісіне тиянақты, қарапайым, мінезі байсалды, берілген тапсырмаларға, әріптестерімен қарым-қатынаста орнықты. Бүкіл саналы ғұмырын жоғары оқу орнында ұстаздықпен және ғылыммен ұштастырып келе жатқан шебер педагог алдағы уақытта да қазақ тарихының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосады деген сенімдемсіз.

Берекет КӘРІБАЕВ,

ҚР ҒҒА академигі,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Журналистика кафедрасының меңгерушісі, Халықаралық Еуразия телевидение және радио академиясының академигі Мәншүк Мұқашева ҚазҰУ-ға арнайы іссапармен келді. Елордамыз бен аймақтарда журналистика мектептерінің қалыптасуына күш салған майталман маман білім ордалары арасындағы ынтымақтастықты арттыруды көздейтін тың бастамалар ұсынып отыр.

Мәншүк МҰҚАШЕВА, ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты:



ҚазҰУ-да тәжірибе жинақтау таптырмас мүмкіндік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің меншікті басылымы – «Qazaq universiteti» – бүгінгі таңда республика бойынша таралу құқығына ие болған жоғары оқу орындары арасындағы жалғыз газет. Сәйкесінше, басылым өзге де білім ордаларымен байланысты күшейту арқылы білім мен ғылым саласындағы жаңалықтарды оқырманға барынша кәсіби тұрғыда жеткізуді мақсат етуде. Журналистика білім беру саласында 30 жыл еңбек еткен Мәншүк Тынышқалиқызы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заманауи техникалық базасында тәжірибе жинақтау өңірлердегі жастар үшін таптырмас мүмкіндік болар еді» деген пікірде. Өйткені студенттердің университет қабырғасынан бастап тәжірибе жинақтап, өндіріске етене араласуы болашақ журналистер үшін аса маңызды.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – жоғары оқу орындарының флагманы. Осында келіп, қара шаңырақтағы Ақпарат және коммуникациялар департаментінің заман талабына сай құрылымы өзгеріп, жаңа қарқынмен жұмыс істеп жатқанына куә болдым. Мұнда Farabi Media телестудиясы ашылып, университетте болып жатқан ауқымды шаралардың көркем түрде насихатталуына үлес қосуда. Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры Қаншайым Байдәулет және «Qazaq universiteti» газетінің бас редакторы Гүлнар Жұмабайқызымен студенттерімізді өндірістік тәжірибеден өткізу жайлы ортақ келісімге келдік. Бұл ақпарат саласының соңғы үрдістерінен өңірлерде сырт қалмасын деген мақсатта жасалды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастырғанда ғана кәсіби журналист даярлап шығаруға болады, – дейді Ақпарат саласының үздігі Мәншүк Мұқашева.

Атыраудан арнайы келген Мәншүк Тынышқали-

қызы «Qazaq universiteti» үлкен тарихы бар газет екеніне тоқтала келе, өзі бас редактор болған кездер жайлы жылы естеліктерімен бөлісті.

– Бұл басылымды қазақ журналистикасының корифейі атанған Тауман Амандосов секілді тау тұлғалы азаматтар басқарған. Ол кісі журналистика факультетінің негізін қалаған, осы саладағы көптеген оқулықтардың авторы. Әлі күнге дейін республикамыздағы мыңдаған шәкірт Тауман Салықбайұлының кітаптары арқылы білім алуда. Өткен жылы бүкіл ел болып Т.Амандосовтың 100 жылдығын кең көлемде атап өттік. Одан бөлек, газетке әр жылдары ғалымдар Х.Бекхожин, С.Матвиенко, Ш.Елеуқенов, С.Қозыбаев, Ю.Крикунов, Ш.Сармурзина, Д.Ысқақов, А.Мархабаев, К.Қамзин секілді көсемсөз шеберлері редакторлық етті. 1997-98 жылдары маған да «Qazaq universiteti» газетін басқару бақыты бұйырғанына қуаныштымын. Бүгінгі таңда апта сайын жарық көріп отырған газет өңі өзгеріп, заманауи дизайнмен, жаңа талапқа сай форматта, өте сапалы қағазға басылып жатыр. Ақпараттық аренада ҚазҰУ-дың үлесін арттыруға аянбай қызмет етіп жүрген редакция құрамы да осал емес, – дейді ол.

Сонымен қатар Мәншүк Тынышқалиқызы «басылымның республикалық статус алғаны үлкен мақтаныш» деп атап өтті. Әрі университетішілік ақпараттармен ғана шектелмей, барлық өңір үшін маңызды зор ғылым мен білім саласындағы жаңалықтардан хабардар ету мүмкіндігіне ие болғанына қуанышты екенін жеткізді.

– Мен осы университетте білім алып, жұмыс істеген соң, ҚазҰУ-дың ілгері басқағына, жеткен әрбір жетістігіне қуанамын және шама-шарқым жеткенше қол ұшын беруге тырысамын. Газеттің алда келе жатқан 75 жылдық мерейтойы қарсаңында осы университеттің түлегі әрі

басылымның бас редакторларының бірі ретінде 75 газетке жазылып, оның дамуына өз үлесімді қосқым келеді, – деп ағынан жарылды М.Мұқашева.

Қазақ журналистикасының қайраткері жаһандану дәуірінде бәсекелес бола тұра, бір мүддеге жұмыс істеу қажеттігін алға тартып, университеттер арасындағы ынтымақтастық екіжақты тиімді болатынын айтты.

– Республикадағы жоғары оқу орындарының арасында ҚазҰУ-дың шоқтығы биік. Қазақстандағы ғылымның дамуына серпіліс беретін отандық ғылыми қауымдастықтың 50 пайызын осы қара шаңырақтың ғалымдары құрайды деген сенімдемін. Себебі еліміздің көптеген жоғары оқу орындары ҚазҰУ секілді жоғары техникалық базасымен мақтана алмайды. Кезінде талай тарихи тұлға еңбек еткен білім ордасында қазір жалындаған жастар қызмет етуде. Мен де осы ҚазҰУ-да журналистика факультеті деканының орынбасары қызметінен бастап, әртүрлі деңгейдегі басшылық қызметтерде жұмыс істедім. Әлі күнге дейін сол кездегі еңбегімізді елестіріп отырады. 2006 жылы Тәуелсіздіктің 15 жылдығында «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Сондай-ақ 2008 жылы қиындықтарға дес бермей, елордамыздағы Еуразиялық ұлттық университетінде ең алғаш болып журналистика және саясаттану факультетін ашуға барымызды салдық. Сол факультеттің біршама түлектері бүгінде «төртінші билік» қатарында еңбек етуде, – деді Мәншүк Тынышқалиқызы.

Қазіргі таңда республика бойынша 30-ға жуық Журналистика кафедрасы жұмыс істейді. Ал журналистика факультеттері тек Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде ғана бар.

Кәмпила ДҮЙСЕН

Ғылымның инновациялық тетіктері

Жаңа Қазақстанның рухани өлшемдерінің негізі еліміздің интеллектуалдық ұлт қалыптастыру және ғылымды қарқынды дамыту идеясымен сабақтасып жатыр. Осы ұстанымды негізге ала отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде республика көлемінде онлайн форматта 72 сағаттық «Ғылыми таным мен шығармашылық ойлау логикасы» атты барлық гуманитарлық сала мамандарына арналған біліктілікті арттыру курсы өтті.

Шараны философия және саясаттану факультеті Философия кафедрасының ұстаздары Л.Асқар мен Б.Аташ ұйымдастырды. Қазақстанның әр қаласынан қатысқан отызға жуық тыңдаушы белсенді түрде пікір таластырып, біліктіліктерін арттырды. Спикерлердің ұсынған бағдарламалары алдымен Қазақстанның білікті ғалымдарының сараптамасынан өтіп, оңтайлы бағасын алып, университет жанындағы Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының комиссиясы шешімімен бекітілген болатын.

Курстың басты мақсаты – дәстүрлі логиканың канондарына сүйене отырып, еліміздегі ғылыми таным мен продуктивті ойлауға машықтандырудың жаңа технологиясын ұсыну. Сонымен қатар бұл курстың ерекшеліктері – ғылыми дәстүрлі таным, ғылым әдіснамасы,

формалды және диалектикалық логиканың бірлігі негізінде авторлар ұсынған инновациялық идеялар өрісті логиканың (продуктивті логика – авт.) негізгі заңдылықтарының теориясын ғана емес, оны ғылыми тәжірибеде қолданылу жолдарын көрсетіп беруді де негізге алады. Бұл курс тыңдаушыларға ғылыми еңбектер жазуда айтарлықтай нәтиже берері сөзсіз.

Курс соңында тыңдаушылар өздерінің ғылыми танымы мен жаңалық ашу мүмкіндіктеріне қаншалықты ықпал ете алғандығы туралы оңды баға берген жағдайда спикерлер бұл курсты ағылшын тілінде жүргізіп (ілеспе аудармамен), әлемдік масштабқа ұсынуды жоспарлап отыр.

Д.ПЕРНЕБЕКОВА,
курс координаторы,
Философия кафедрасының аға
оқытушысы

Шет тілін оқытуда өз тәжірибесі бар

Американ және Британ әдебиеттерін зерттеу, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы мен практикасы, саяси дискурс семантикасы мен прагматикасы бағытында ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген Жарас Таубаев – университетіміздегі жас ғалымдардың бірі.



Ол – лингвист, филолог, «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша PhD докторы. Жарас Тұрысбекұлы 2011 жылы Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша бітірген. Ал 2012-14 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша үздік тамамдайды. 2014-17 жылдары «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша PhD докторантураны аяқтайды. Жас ғалымның осыған дейін Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің құрамына енетін журналдарда 10 мақаласы, Scopus базасында үш ғылыми мақаласы жарияланды.

Жарас магистратура мен докторантурада оқу барысында Қытай Халық Республикасы, АҚШ және Ресей Федерациясы секілді дамыған мемлекеттерде ғылыми зерттеулер жүргізді.

2012 жылы қараша айында Пекин қаласында (ҚХР) «Шетел мұғалімдеріне қытай тілін оқыту» әдістемелік семинарына қатысып, сертификат алды. Тағылымдама барысында шет тілін оқыту әдістемесі

және әдіснамасымен тереңірек танысып, тың ойлар мен тәжірибеге қол жеткізді.

2013 жылы Нью-Йорк қаласында Campus Education ғылыми-зерттеу орталығы мен әлемнің үздік 10 университетінің қатарына кіретін Колумбия университетінде кәсіби біліктілігін арттырды. Докторантура бағдарламасы аясында шетелдік ғылыми кеңесшісі У.П.Риверстің жетекшілігімен Біріккен ұлттық тілдер комитеті және тілдер, халықаралық білім консулында (Вашингтон, АҚШ) ғылыми тағылымдамадан өтіп, сертификат алды.

Сондай-ақ Мәскеу қаласындағы «Жоғары экономика мектебі» ғылыми-зерттеу университетінде кәсіби қабілетін шындап қайтқан болатын. Ал 2020 жылы Мэриленд университетінде шақырылған ғалым ретінде ғылыми жоба аясында жұмыс істеді. Жарас Таубаев ағылшын тіліндегі қанатты сөздерге, идиомаларға және тұрақты сөз тіркестеріне қазақ тіліндегі баламаларын ұсынып, қазақ тілінің Америка лингвомәдениетіне кеңінен таралуына өз үлесін қосты.

Кәмпила ЕРКІНҚЫЗЫ

Studying abroad is a global phenomenon with students crossing countries, continents and oceans to get the best education possible. One of the best challenges of studying abroad is the chance to become interested in a different culture, learning a new language, meeting new people and making new friends. So studying abroad does have many benefits.

My Afghan students

I have two Afghan students in my English class. It is a big pleasure for me to say that both my students are highly – motivated, self-organized, industrious and intelligent people. These are people who have thirst for knowledge and understand that one can be strong through deep knowledge in their specialty. They are determined to contribute to their country with the knowledge they will acquire in KazNU. In one of my talks I got interested what encouraged them to apply for KazNU.

This is what they said about themselves, their studies and plans for the future:



Shabir Ahmad "Bidar":

I am from Afghanistan. I graduated from Baghlan University, Faculty of Agriculture,

Department of Horticulture and Forestry in 2013. During the four years I taught at Badakhshan University. I was always trying to figure out in which country I can get my master's degree, because I wanted to progress in every way, so I finally decided

that I should do my master's degree in Kazakhstan.

Rohullah "Soofizada":

I am from Badakhshan province of Afghanistan. I received my primary education in Baharistan High School in Badakhshan Province and graduated from the high school in 2011 with a high degree,



and in 2016 I received a bachelor degree from Baghlan University, Faculty of Agriculture, Department of Horticulture and Forestry.

WHAT IS YOUR IMPRESSION OF THE COUNTRY AND UNIVERSITY?

Shabir Ahmad "Bidar": Al-Farabi National University is one of the most prestigious universities in the world. The university offers modern educational technologies, has a very spacious beautiful and green Campus, equipped laboratories, excellent library, comfortable dormitory, gyms, free parking zone, cafeteria. Another good feature of this university is that it teaches English, Russian and Kazakh languages to foreign students in the foundation course so that they do not face any problems while studying, and this is a great program. And fortunately, I have had this blessing, that is, alongside Dari, Pashto, Urdu, I can now speak English, Russian and Kazakh. Kazakhstan is also a very

beautiful country. The people of Kazakhstan are very friendly and hospitable, I found good friends in this country and I will remember them forever. I am very happy to study in Kazakhstan and I wish to be able to study for my doctorate in this country in the future.

Rohullah "Soofizada": I was really happy to be awarded the scholarship to study at Al-Farabi Kazakh National University (KazNU), it was a glorious and unforgettable day in my life because my dreams come true. I arrived here in December 2020. We were warmly welcomed at the university and got help with all questions and concerns. For one year I studied the Kazakh language and I know that Kazakh language is so warmhearted and sweet. I have good memories of the teachers who taught me the Kazakh language, they had friendly relations with me and I never felt alone, they invited me to celebrations, theaters and museums to get more acquainted with the culture of Kazakhstan.

We are taught by great teachers. All professors and staff of Al-Farabi are friendly with all the students, especially the foreign students, and here there is no discrimination or prejudice. I believe that the knowledge and skills that I will acquire in my field of study at Al-Farabi University will be the most valuable asset of my life will play a great role in my future life.

A. MULDAGALIYEVA

I choose german



The 3rd course History students have chosen the German language and are successfully studying it. They are interested in Germany, the culture of the Germans, the life of German youth, their interests. In order to get closer acquaintance with the country and its culture, we try to hold various events.

So in April 8, 2022 the event "Eine Reise durch Deutschland!" was held. The program included presentations of students about Germany in the German language, Berlin and its sights, songs and poems, a quiz "What do I know about Germany?". The presentation "Heinrich Heine – der größte Dichter Deutschlands" was made by Adil, and the students Anara and Tokhtarbek recited the poem "Lorelei". Students and guests were specially delighted with Rauan's playing of W. A. Mozart's "Turkish March" on the piano. Rauan is interested in music, loves to play the works of German composers: Beethoven, Schubert, Mozart. The event ended with the beautiful song "Sonnenkreis" sung by the entire group.

Here is what students say about the event:

Azaliya: It was a great event! We had a lot of fun, we learned a lot of new information. One hour spent together allowed us to plunge into the atmosphere of German poetry,

music filled with mystery. I hope that in the future we will speak German better.

Adil: I believe that such events should be held more often, as they broaden one's horizons, provide an opportunity to practice the language, test knowledge, introduce one to the culture and language of another nation. We are glad that we managed to make a colorful and memorable event dedicated to Germany. The Germans have an interesting culture, history, which occupy an important place in our world. I find the German language very exciting to learn, it sounds menacing, solid and quite expressive.

Inkar: I liked the event very much. It was an interesting experience of immersion in German culture. We also learned a lot about German cities, listened to German poetry. It was an amazing and educational event!!

K. ZHIRESHINA,
Foreign Language
Department teacher

It's for the young I write...

...for those whose hearing is acute, whose senses are alert. Men who have vision and quick to give response will understand the message in my verse (1889). These are the lines from Great Abai's poem served as a topic for discussion by students of the Faculty of Physics at an event dedicated to Abay's poetic heritage. The program of the event included presentations on Abai's biography and poems, his translation activities, his composer creativity and analysis of Abai's ideas, views and their significance in the contemporary times.

Master student Esimzhanova Diana gave a talk on Abai's poems and recited some of them focusing on their educational message for the youth.

Not for amusement do I write my verse, not do I stuff it full of silly words. It's for the young I write, for those whose hearing is acute, whose senses are alert. Men who have vision and quick to give response will understand the message in my verse (1889). Abay addressed these lines to the gen-

eration to come, to his countrymen for whom he paved the way to a more enlightened life. He carried a burning torch through the gloom of ignorance and prejudice that enveloped the Kazakh steppes, opening the new horizons to his people and the promise of a new dawn.

Other master student A. Abdinasilim devoted his talk to Abay's translation activities. He pointed out that Abay became an ardent champion of friendship and brother-



hood between the two national cultures. He loved Pushkin, Lermontov, Krylov, Saltykov-Shedrin and Tolstoi, whose looks he began translating into Kazakh. Abay had quite a special feeling for Pushkin's work, and the fragments he trans-

lated from "Eugene Onegin" are really an inspired rendering of the poem.

Master student A. Nugmanova recited Abay's another touching poem:

Look deep into your soul and ponder on my words:

To you I am a puzzle, my person and my verse.

My life has been a struggle, a thousand foes I braved,

Don't judge me too severely – for you the way I paved.

After reading the poems, she ended her speech with the following words: "He was a puzzle to his milieu, but our generation is looking at Abay as an amazing phenomenon, who took the best from the ancient culture of the Kazakhs and enriched this treasure under the influence of both Russian and world culture. Today his works have been translated into many languages, and people enjoy reading his wonderful poems. If the road chosen by a poet is the road followed by his people, he will never die. The event was a great success!!!!

SH. GUMAROVA

Prepared by
Aizhan MULDAGALIEVA

Республикалық деңгейде тұңғыш рет Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен «Ректор кубогы – 2022» КВН ойындары өтті.

«Ректор кубогы - 2022» КВН ойындары өтті



Ойынның негізгі тақырыбы «Арман қала – Алматы» деп аталды. «Ректор кубогы - 2022» КВН ойындарының жалпы жүлде қоры – 1 000 000 теңге. Сайысқа қалың көпшілікке танымал өнер адамдары, қоғам қайраткерлері төрелік етіп, арнайы қонақтар шақырылды.

«Ректор кубогы - 2022» КВН ойындары фестиваль форматында өтіп, жоба тек «Сәлемдесу» сайысынан тұрды. Қалжың сөзге үшқыр әзілдер көрермендерге көтеріңкі көңіл күй мен күлкі сыйлады. Сайыста 11 команда бақ сынасты. Сайыс нәтижесінде өнер көрсеткен командаларға «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»

КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректоры Түймебаев Жансейіт Қансейітұлынан алғыс хат беріліп, Көлсайға 20% жеңілдікпен жолдама және әл-Фараби кітабының 7 томдығы сыйға тартылды. «Үздікәзіл» номинациясымен алматылық құрама «Краш 125 high school», «Үздік ойыншы» номинациясымен шымкенттік «Абырой» құрамасының ойыншысы Шеріпбаев Бағлан марапатталып, 50 000 теңгелік сертификатқа ие болды. «Көрермен көзайымы» номинациясына «Алатау SU» Политех университеті құрамасы лайық деп танылып, Түркістан қаласына тегін жолдама алса, «Арнайы жүлде» номинациясын ҚазҰУ «Әв-

рест» құрамасы жеңіп, ағылшын курсына 150 000 теңгелік сертификат ұтып алды.

«Ректор кубогы-2022» КВН ойындарында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар командалар арасында жүлделі 3-орын Шымкент қаласының құрамасы – «Байдың балаларына» бұйырып, 100 000 теңгелік сертификатты табысталды. 2-орынды қыздардан құралған «Қабырғалар» құрамасы алып, 200 000 теңгелік сертификатты иеленді. Үздіктердің үздігі, сайыста оза шапқан АТУ құрамасы 1-орынды жүлделеп, 400 000 теңгелік сертификатты қанжығалады.

«Күлкі – ашылған гүл, көңіл – шашылған нұр» демекші, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы ұйымдастырған «Ректор кубогы-2022» КВН ойындары тұңғыш рет ұйымдастырылса да, көрермен көңілінен шығып, жоғары деңгейде, бәсеке-лі, тартысты сәттерге толы болды.



Баспагер студенттер жеңімпаз атанды

Нұр-Сұлтан қаласында «Баспа ісі» мамандығы бойынша студенттер арасындағы V республикалық пәндік олимпиада өтті. Баспагер-редактор мамандарын дайындайтын, олардың кәсіби, шығармашылық білігін арттыратын жарысқа 8 команда қатысып, бағын сынады.

Тартысқа толы болған V республикалық баспа ісі пәндік олимпиадасы жоғары деңгейде өтті. Төрт кезеңнен тұратын жарыстың шарты болашақ баспагер-редактордың білімін молайтып, білігін арттыруды көздейді. Атап айтар болсақ, кітап жарнамасы Book-trailer түсіру, кітап мұқабасын әзірлеу, баспа ісінің негіздері пәнінен тест тапсыру, қолжазбаны редакциялау бойынша сыннан өтті.

«Фолиант» баспасының ди-

ректоры Нұрлан Исабеков, Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының басшысы Дәулеткерей Кәпұлы, «Кәусар» баспасының директоры Қуат Құрмансейіт және қазылар алқасының өзге де мүшелерінің бағалауымен жүлделі орындар тапсырылды.

Жан-жақты сарапқа салынып, әділ бағасы беріліп, олимпиадада білімі мен білігі бар екенін көрсеткен студенттерге арнайы диплом берілді. Сайыста бақ сынаған 8 топ-

тың ішінен «Книжные серферы» командасы (ҚазҰУ) 3-орынды, «Сұңқар» командасы (ЕҰУ) 2-орынды иеленді. Ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспагерлік-редакторлық және дизайн-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының студенттерінен жасалған «Күншығыс» командасы басым дауыспен 1-орынға шықты.

Жарыс соңында жүлделі командаларға бағалы сыйлықтар табыс етілді.



ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

• Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.

• Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Біздің оқырман



Марат ТОҚАШБАЕВ,

белгілі журналист-жазушы, Республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің бас редакторы

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.